

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті лицензиялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 04.05.1995 ж. N 3 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 31 тамызда тіркелді. Тіркеу N 83. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 02.02.1996 ж. N 15

Е Р Е Ж Е

1. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті лицензиялау бағалы қағаздар нарығын реттеуде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасы заң талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылаудың тәсілі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" N 2227 U952227_ заң күші бар Жарлығында көзделген бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің барлық түрі лицензиялауға ж а т а д ы .

3. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) жүзеге асырады.

4. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына ие болу лицензиясының (бұдан әрі - лицензия) мынадай санаттары белгіленеді:

- бірінші санаттағы лицензия брокерлік, диллерлік қызметті жүзеге асыру ү ш і н б е р і л е д і ;

- екінші санаттағы лицензия депозитарлық және тіркеушілік қызмет атқару ү ш і н б е р і л е д і .

5. Лицензияның қолданылу шегі үш жылдан аспайтын мерзімге белгіленеді.

6. Лицензия жеке тұлғаға берілген тиісті санаттағы біліктілік куәлігі негізінде т а б ы с е т і л е д і .

7. Лицензия берілгені үшін алым алынады, оның мөлшері мен төлену тәртібі қолданылып жүрген заңға сәйкес белгіленеді.

8. Лицензия алғысы келетін заңды тұлғалар Ұлттық комиссияға мынадай құ ж а т т а р т а п с ы р у ы т и і с :

- лицензия алуға ниет еткен бір үлгідегі өтініш (1-қосымша);
- мемлекеттік тіркеуден өткені жөніндегі куәліктің көшірмесі;
- барлық өзгертулері мен толықтырулары белгіленген тәртіпте ресімделген Жарғының көшірмесі (2 дана);
- Лицензия алу үшін құжаттарды тапсырар алдында өткен кезеңге жасалған

- бірінші басшы бас бухгалтерлер қол қойған бухгалтерлік баланс;
- меншіктегі капиталдың есебі;
- мамандардың біліктілік куәлігінің көшірмесі;
- біліктілік куәлігі бар мамандардың соңғы жұмыс орны туралы жазылған еңбек кітапшаларының көшірмесі;
- лицензия берілгені үшін алым алғаны жөніндегі төлем қағазының көшірмесі

Лицензия біліктілік куәлігі бар заңды тұлғаның маманына оның аталған лицензияны алуға ұсынған сенім хаты негізінде беріледі.

Біліктілік талаптары бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау туралы Ережеде белгіленеді.

9. Лицензия алғысы келетін заңды тұлғаның мына қатарлы мамандары міндетті түрде аттестациялауға жатады:

- осы заңды тұлғаның атынан бағалы қағаздармен мәміле жасауға қатысатын, сондай-ақ клиенттермен тікелей жұмыс істейтін мамандар;

- атқарушы директорлар (басқарушылар, менеджерлер) мен олардың орынбасарлары (өз капиталының 40 процентінен асатын инвестицияны бағалы қағаздарға айналдыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін).

10. Лицензия алғысы келетін заңды тұлғаның Жарғысында бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруды көздейтін ереже міндетті түрде болуы тиіс.

11. Құжаттар, Ұлттық комиссия қабылдап алғаннан кейін 30 күннен аспайтын мерзімде қаралады.

12. Тапсырылған құжаттар Ұлттық комиссияның талаптарына сәйкес келмеген жағдайда лицензия алғысы келетін заңды тұлғаның басшысына лицензия беруден бас тартудың дәлелі жазбаша түрде хабарланады.

13. Лицензияны 2-қосымшада көрсетілген үлгіде рәсімделеді.

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің бірнеше түрін қатар атқарған жағдайда кәсіби қызмет әр түрлі лицензияда бөлек-бөлек көрсетіледі.

14. Ұлттық комиссияға берілген Жарғының (оған енгізілген барлық өзгертулер мен толықтыруларын қоса алғанда) бір данасына Ұлттық комиссия атқару аппаратының мөрі қойылады. Аталған құжаттар заңды тұлғаға қайтарылады.

Ұлттық комиссия атқару аппаратының мөрі қойылған осындай құжаттар болмаған жағдайда лицензия жарамсыз деп табылады.

15. Жарғыға бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің сипатына байланысты өзгертулер енгізсе, ол Ұлттық комиссияда тіркелуі тиіс.

Бұл жағдайда лицензия берілгені үшін қосымша алым алынбайды.

16. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметпен шұғылдану үшін қажетті меншік капиталдың ең төменгі мөлшері жөнінен мынадай талаптар белгіленеді: делдалдық және дилерлік қызмет үшін аз дегенде 2000 жалақы мөлшерінде; депозитарлық және тіркеушілік қызмет үшін - аз дегенде 1000 жалақы мөлшерінде.

17. Меншік капитал бухгалтерлік баланстың (құжаттар тапсырылар алдындағы кезеңге жасалған) мәліметтері бойынша қолданылып жүрген заң тәртібімен есептеледі.

18. Лицензияның пайдаланылуын бұдан былай бақылауды Ұлттық комиссияның атқарушы аппараты жүзеге асырады.

19. Лицензияның пайдаланылуын бақылау барысында Ұлттық комиссия бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметке байланысты, коммерциялық құпия болып табылмайтын кез-келген құжатты талап етуге, сондай-ақ мұндай қызметті өз орнында кем дегенде екі жылда бір тексеріп отыруға құқықты.

20. Лицензия мынадай жағдайларда кідіртуі немесе кері қайтарып алынуы мүмкін:

- Лицензия алу үшін тапсырылған құжаттарда күмәнді мәліметтер табылғанда;

- осы аталған заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банкрот аталғанда;

- заңды тұлғаның лауазымды адамдары акционерлерге немесе клиенттерге зиян келтіргені үшін сот арқылы кінәлі деп табылса;

- бағалы қағаздармен мәміле жасаған кезде біліктілігі туралы куәлігі жоқ немесе ондай куәлігінен айрылған маманның қызметін пайдаланса;

- Қазақстан Республикасының заңдары тыйым салған мәмілелер жасаса, сондай-ақ клиенттің коммерциялық құпия немесе басқа да бір жасырын сыры бар мәліметтерді пайдалана отырып мәмілелер жасаса;

- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының талаптарын бұзса;

- лицензия бір жыл бойына іс жүзінде қолданылмаған болса.

21. Лицензияны кері қайтарып алуды немесе кідіртуді Ұлттық комиссия жүргізеді және бұл туралы оның иесіне жазбаша түрде хабарланады.

22. Лицензияның иесі Ұлттық комиссияның лауазымды адамдарының шешімдеріне сот арқылы шағым жасауға құқықты.

1-қосымша

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі
Ұлттық комиссиясы

Ө т і н і ш

Өтініш жасаушы _____

заңды тұлғаның толық атауы

Мекен-жайы _____

_____ банктегі есепшоты _____

ХҚҰ _____

Бағалы қағаздар рыногында _____

(қызметтің түрі)

қызметін жүзеге асыруға _____ санаттағы

лицензия беруіңізді өтінеді.

Тапсырылған құжаттардың тізімі:

- мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі
- Жарғының көшірмесі (екі дана);
- Қызметкерлерге берілген (біліктілік куәліктерінің көшірмесі) - дана);
- меншік капиталдың есебі;
- төлем қағазының көшірмесі;
- сенімхат.

199__жылғы _____

(басшының қолы)

2-қосымша

_____санатты

Лицензия

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясының 199__жылғы " " _____шешімімен

_____ бағалы қағаздар рыногында
(заңды тұлғаның толық атауы)
_____ қызметін атқару құқығы
(қызметтің түрі)
берілді.
Заңды тұлғаның мекен-жайы _____

_____ банктегі есеп-шоты _____
ХҚҰ _____

Ұлттық комиссияның мүшесі

Алматы қаласы 199__жылғы " __ " _____
тіркеу нөмірі _____